

Талғаулы салалас құрмалас
сөйлем. Өт жолдарының
аурулары.

Владимирова Марина

Талғаулы салалас құрмалас сөйлем

- Талғаулы салалас жай сөйлемдерінде айтылған іс – әрекеттің біреуі ғана орындалады. Шылауы: не, немесе, әлде, я, яки, әйтпесе, не (я) болмаса. Мысалы: Ертерек үйге дәрігер шақыру керек немесе ауруханаға бару керек. Я болар жерінді айт, я бізге килікпей тыныш жүр. Тезірек шөп ору керек, әйтпесе уақыт өтіп кетеді.


Өт жолдарының аурулары

- Өтетін құрамындағы холестериннің көбеюі тастың пайда болуына әсер етеді. Сондай -ақ, өт жолдарының қабынуы да оның пайда болуына бірден-бір себеп. Тастардың сыртқы түрлері әртүрлі: дөңгелек, сопақша, көпбұрышты, сырты бұжыр - бұжыр немесе тегіс, жылтыр болады.



виды камней в желчном пузыре




- Өт жолдарында пайда болған тас ауруы көп жағдайда белгісіз дамып, жылдар бойы адам ағзасында білінбей жүре беруі мүмкін. Оның негізгі және алғашқы белгісі - оң қабырғаның асты бірден шаншып ауыра бастайды. Бұл шаншу көбінесе майлы, сүр ет, қуырған тамақ немесе жұмыртқа жегеннен кейін басталады. Шаншу күні уақыт өткен сайын күшейе түседі , оң жауырынға беріледі. Бірнеше рет жүрегі айнап құсады.



- Кейбір науқастар біресе тоңып, біресе қызуы көтеріліп мазасы кетеді, шөлдеп, ауызы құрғап, әлсірейді, жағдайы мүлдем нашарлайды. Өт жолы немесе бауыр ішіндегі өт жүретін жолдары таспен жабылып қалғанда, адам денесі, көзі сарғая бастайды. Кіші дәретінің түсі қоңырланып, кейде ағарып кетуі мүмкін. Өт жүретін жолдарда іріңді қабыну басталады (халангит), өттің айналасында түйін пайда болып, сары сулы сұықтар (перитонит) шыға бастайды, осының әсерінен адам сарғайып кетеді.
- Себебі өт жолын ішіндегі тас (тастар) жауып, өттің қанға таралуына жағдай туғызады.



- Холецистит грек тілінен алынған, chole - өт, kystis - қап және itis - қабыну, яғни өт қабының қабынуы. Өте жиі кездесетін (әсіресе әйелдерде) ауру. Холецистит дұрыс тамақтанбаудың салдарынан өттің дұрыс ағып өтпеуінен, аз қозғалудан, әр түрлі инфекцияның түсуінен, сондай - ақ өт жолдарында әр түрлі себептерден тас байланудан пайда болады. Холецистит тұқым қуалайды. Аурудың ағымына қалай жедел және созылмалы түрлері



- Емі: Холециститтің жедел түрінде диета сақтап, артық салмақ қоспауға тырысу керек, дене шынықтырумен шұғылданған жөн, ал аурудың созылмалы түріне ота жасалынады.

- Халангит грек тілінен алынған, chole-өт, angeion-тамыр және itis - қабыну, яғни өт жолының қабынуы. Халангиттің негізгі себебі - өтте тас байлану. Көп жағдайда халангит өт жолына бактериялардың түсуінен дамиды. Аурудың қоздырғыштары: ішек таяқшасы, энтерококк, протей, стафилококк, т.б.
- Халангит кейде ұйқы безін зақымдайды. Халангит кезінде науқас адамның ас ішуге тәбеті болмай, жүрегі айнып, оң жақ қабырға асты ауырады. Дене қызуы көтеріледі, кейде құсады, денесі қалтырайды, эритроциттердің тұнбаға түсуі жылдамдайды, т.б. патологиялық жағдайлар байқалады.

- Емі: әр түрлі антибиотиктер беру, ауру асқынғанда хирургиялық операция жасайды.

